**2021-2022 оқу жылындағы «Құқық бұзушылықтың алдын алуға» байланысты жүргізілген жұмыстардың сараптамасы**
**Педагог ұйымдастырушы Г.Б.Кузенбаева**

Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектепте құқықтық кеңес беру және оның жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп отырды. Сонымен қатар Құқық бұзушылыққа қарсы жүргізілетін тәрбие шараларының Атырау ҚПБ №1 ҚПБ-мен біріккен жұмыс жоспары бекітілді.

«Құқық және құқық бұзушылық алдын-алу және оны болдырмау» жөнінде комиссия құрылды.





**2021 жылы 22 қыркүйек күні** 9 – шы сыныптан 11- ші сыныпқа дейінгі оқушыларға **«Зорлық-зомбылықтың алдын алу»** тақырыбында учаскелік инспекторы С.Айтжановпен кездесу өтті. **Бұндағы мақсаты**: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Соңынан зорлық-зомбылыққа байланысты тест сауалнамалары толтырды.






**2021жылдың 24 қыркүйек** күні 5 сынып оқушыларына **«Менің құқығым және жауапкершілігім»** атты пікірталас өткізілді. **Мақсаты** :Бала құқықтары, оларды сақтау, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік, оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. Оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге үйрету. Оқушылар өздерінің сұрақтарын қойып, жауаптарын толықтай алды. Сонымен қатар оқушыларға эссе жүргізілді. Осы эссеге оқушылар жақсы,белсенді ат салысып қатысып отырды.

**2021 жылы 12 қазан күні** 9-сынып оқушыларына **"Жасөспірімдер арасындағы бопсалаудың алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмау"** атты тақырыптық пікірталас өткізілді. **Бұндағы мақсаты**: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.




**2021 жылдың 19 қазан күні** 10-11 сыныптар арасында «Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты жасалатын қылмыстардың алдын алу » мақсатында Атырау ҚПБ №1ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры: Тасболатова А. Және Қарылғашева А. мен қыз балалар жиналысы өткізілді. **Мақсаты:** Жасөспірімдерге дұрыс бағытты түсіндіру және жаман жолдан аулақ болуға шақыру.

**2021ж 21 қазан күні** 11 сынып оқушыларына **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»** атты пікірталас өткізілді. Пікірталастың мақсаты: "Сыбайлас-жемқорлық" деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады. Оқушылар осы пікірталасқа өздерінің ой пікірлерін айтып сұрақ жауапқа жауап берді.






**2021 жылы 27 қазан** күні 8-9 сыныптар арасында «**Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік»** атты ұлдар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты: Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы әлімжеттіктің алдын алу, оны болдырмау, жолын кесу. Оқушылар өздерінің сұрақтарын қойып, жауаптарын толықтай алды. Осы жиналысқа,оқушылар,жақсы,белсенді ат салысып қатысып отырды.




**2021 жыл 16қараша күні «Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік»** атты әңгіме сағаты өткізілді. Мақсаты: жасөспірімдердің өздерінің құқығы мен міндетін білу, заң алдында әр адам қылмысы үшін жауап беретінін түсіну. Қазіргі заманға сай құқықтық сауаттылықтарын дамыту. Жасөспірімдердің арасында қылмысты болдырмау, оның алдын-алу, жолын кесу. **26қараша күні** «**Мектеп оқушысы қандай болу керек**?» атты қыздар жиналысы өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Қоғамдық орындарда өзін әдепті ұстай білуге үйрету және **«Ерте жүктіліктің алдын-алу»** атты тақырыпта әңгіме қозғалды. **Мақсаты:** Ерте жүктіліктің алдын алу, әдет-ғұрыпты,салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте ана алдында қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан-жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу. Ерте жастағы жүктілік, оның алдын алу жолдары туралы қыз балаларға айтып, түсіндіру.





**2021 жыл 15 желтоқсан күні** «Кәмелеттік жасқа толмағандардың әкімшілік бұзушылықтарының жауапкершіліктері» атты 8 сынып оқушылары және мектеп әкімшілігі және ішкі істер органдарымен учаскелік инспекторы болып кездесу өткізілді. **Мақсаты:** Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты мақсаттарының бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.



